



Тауарларды сатып алу туралы шарт №960723/2024/2

05.04.2024 жылғы

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, «ӨзенМұнайСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Сенімхат №2904009202 19.01.2024 бастап, негізінде қызмет ететін бас директордың өндіріс жөнінде орынбасары Салихов Абай Турганович, бір жақтан, және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, "АЗТП - Актауский завод трубной продукции" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан жарғы, негізінде қызмет ететін Директор Зобнева Варвара Фёдоровна, екінші жақтан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және Нәтижелер хаттамасы № 960723 негізінде осы Тауарды сатып алу туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады және төмендегідей келісімге келді.

Әлеуетті өнім беруші осы Шартқа қол қоя отырып:

- заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын;
- осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын;
- осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды.

1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес тауарларды (бұдан әрі - Тауар) жеткізуге және Тапсырыс берушінің иелігіне тапсыруға, ал Тапсырыс беруші Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттерін тиісті түрде орындаған кезде осы Шарттың талаптарына сәйкес Тауарды қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Жеткізудің жалпы көлемі мен кестесі № 1,2 Спецификациямен/қосымшамен анықталады.

2. Шарттың сомасы және төлеу шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы 924974400.00 (тоғыз жүз жиырма төрт миллион тоғыз жүз жетпіс төрт мың төрт жүз) Теңге ҚР ҚҚС-ты қоса алғанда құрайды және Шарт талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шартта және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа №1 Қосымшада берілген.

2.3. Шарт бойынша төлем келесі тәртіппен жасалады:

2.3.1. Тапсырыс беруші Өнім берушіге шарттың жалпы сомасының 30% мөлшерінде алдын ала төлемді өнім беруші төлеуге арналған шотты ұсынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде аударады.

(Ұзақ мерзімді шарт кезінде Тапсырыс беруші Өнім берушіге ұзақ мерзімді шарт қолданылатын келесі 12 (он екі) айға тауарды жеткізу үшін көзделген соманың 30% мөлшерінде алдын ала төлемді өнім беруші төлеуге арналған шотты ұсынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде аударады.

2.4. Жеткізілген Тауарлар үшін ақы төлеу, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу Тараптар Жеткізілген тауарлар актісіне (актілеріне) (бұдан әрі - Қабылдау - беру актісі (актілері)) қол қойған және келесі құжатты (құжаттарды) ұсынған күнінен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде жүргізіледі:

2.4.1. Қалған соманы төлеу Тапсырыс берушіге төмендегі құжаттар ұсынылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жеткізілген тауар құнының 70% - ы мөлшерінде тауарды жеткізу фактісі бойынша жүргізіледі:

-Тапсырыс берушінің жауапты бухгалтерінің қолы қойылған, құжаттың дұрыс ресімделгенін растайтын жеткізушінің шот-фактурасы -1 түпнұсқа не электрондық түрде;

-Тауарларды (қорларды) беруге арналған жүкқұжаттар, тауар - көлік жүкқұжаттары-1 түпнұсқа.

- Тауарды Тапсырыс берушіге қабылдау-тапсыру актісі-1 түпнұсқа.

Жоғарыда аталған құжаттардың әрқайсысында шарттың нөмірі көрсетілуі тиіс

2.4.2. Шарт бойынша соңғы есеп айырысу Тараптардың Қабылдау-тапсыру актісіне (леріне) қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) тапсырғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күннен кеш емес мерзімде жүргізіледі:

2.4.2.1. Шарттың аясында жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) СТ-KZ нысанында сертификаттың (тардың) электрондық көшірмесі (лері) (Жүйеде беріледі);

2.4.2.2. Шарттың аясында жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) электрондық құжат нысанында Шартта жергілікті қамту үлесінің есебі (Жүйеде беріледі).

2.5. Қабылдау-тапсыру актісін (лерін) Өнім беруші Тапсырыс берушіге электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ ақпараттық жүйесі арқылы (бұдан әрі - Жүйе) жібереді. Тауарларды қабылдау-тапсыру актісін (лерін) Жүйеде электрондық түрде қалыптастыруға және қол қоюға рұқсат беріледі.

Ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындау кезінде түпкілікті есеп айырысу тиісті жұмыстарды (қызметтерді) орындағаннан кейін Шарт





бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Бұл ретте ілеспе жұмыстарды (қызметтерді) орындағаны үшін төлемді ұстап қалу Шарт сомасының 20%-ынан аспауы тиіс.

2.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш беруіне/қол қоюына байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

2.7. Нақты жеткізілген Тауар үшін төлем бұдан бұрын төленген алдын ала төлемді есепке ала отырып жүргізіледі.

2.8. Тауарды Тапсырыс берушінің келісімінсіз мерзімінен бұрын жеткізген жағдайда төлем жеткізу кестесіне және (немесе) Тапсырыс берушінің ай сайынғы өтініміне сәйкес жүргізілетін болады.

2.9. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және бюджетке төленетін өзге де төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар тиісті қосымша келісімге қол қою арқылы осы Шартқа тиісті өзгерістер енгізуге міндеттенеді.

3. Жеткізу мерзімі және шарттары

3.1. Өнім беруші Тауарды Шарттың №1, №2 Қосымшаларына сәйкес мекенжайға және мерзім ішінде жеткізуге міндетті.

3.2. Тауар Тапсырыс берушіге Қабылдау-беру актісіне (актілеріне) сәйкес саны мен сапасы бойынша және Шарттың №1, №2 қосымшаларына сәйкес беріледі. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ тауардың кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелі Өнім беруші заң актілеріне немесе Шартқа сәйкес Тауарды Тапсырыс берушіге беру жөніндегі өз міндетін орындаған болып есептелетін кезден бастап Тапсырыс берушіге ауысады. Жеткізуге байланысты шығыстар Шарттың жалпы сомасына қосылады.

3.3. Өнім беруші осы Шартпен Тапсырыс берушіге тауарды межелі орнынан тыс жеткізуге байланысты туындаған тасымалдау, қоймаға қою және басқа да шығыстар бойынша қосымша шығындардың сомасын біржақты тәртіппен шегеру құқығын береді.

3.4. Тауардың кездейсоқ жоғалуына немесе бүлінуіне байланысты тәуекелді беру осы Шартты реттейтін DDP Delivered Duty Paid) INCOTERMS - 2020 шарттарымен анықталады.

3.5. Өнім беруші Тапсырыс берушіге факсимильдік, электрондық және пошта байланысы арқылы тауарды жөнелтуге дайындығы туралы және тауарды Тапсырыс берушінің қоймасына жеткізудің болжамды күнімен ақпаратты жібереді.

3.6. Жеткізушінің өкілі тауарды жеткізуге байланысты барлық мәселелерді шешіп, Жүкті тапсырыс берушінің қоймасына апаруы керек.

3.7. Тапсырыс берушінің қоймасында тауарларды түсіру жеткізушінің есебінен және күшімен жүзеге асырылады.

3.8. Тапсырыс берушінің келісімі бойынша тауарды мерзімінен бұрын жеткізуге жол беріледі. Мерзімінен бұрын жеткізілген және Тапсырыс беруші қабылдаған тауар Шартқа № 1, 2 қосымшаларда көрсетілген жеткізу кестесіне сәйкес кезеңде берілуге тиіс тауар санының есебіне есептеледі.

3.9. Өнім беруші Тапсырыс берушіге жеткізуге қатысты келесі құжаттарды ұсынуға міндетті: - тауар-көлік жүкқұжаты немесе Тапсырыс берушінің атына жазылған жүкқұжат-1 түпнұсқа; - әрбір қаптаманың саны, нөмірі және мазмұны көрсетілген буып-түю парағы-3 түпнұсқа; - өндіруші зауыт берген тауар сапасының сертификаты-1 түпнұсқа немесе нотариалды куәландырылған көшірме;-тауар шығарылған елдің Сауда - өнеркәсіптік палатасы куәландырған тауардың шығу тегі сертификаты (импортталатын тауарлар үшін)-1 түпнұсқа немесе;

3.10. Тауармен бірге Тапсырыс берушіге оған қатысты мынадай құжаттарды (бұдан әрі - Ілеспе құжаттар) беру: - тауар-көлік жүкқұжатының және тауарды басқа жаққа жіберуге арналған жүкқұжаттың түпнұсқасы; - жәшіктің көлемі, брутто/нетто салмағы, әрбір жәшіктің/ немесе қаптаманың нөмірі мен мазмұны көрсетілген қаптама қағазы (қажет болған жағдайда тауар түрі бойынша). - Тауарды дайындаушы зауыт берген сапа паспорты - 1 (бір) түпнұсқа немесе Сатып алушының (Жүк алушының) атына жіберілген нотариалды куәландырылған көшірме; - Тауар шығарылған елдің Сауда-өнеркәсіптік палатасы куәландырған Тауар шығарылған жер сертификаты (импортталатын Тауарлар үшін) немесе уәкілетті орган берген, оның Қазақстан Республикасының аумағында шығарылғанын растайтын, ішкі айналым үшін Тауардың шығарылған жері туралы сертификат - 1 (бір) түпнұсқа немесе нотариалды куәландырылған көшірме; - сәйкестік сертификаты (Қазақстан Республикасында міндетті сертификаттауға жататын Тауарлар үшін). Міндетті сертификаттауға жатпайтын Тауарға Өнім беруші уәкілетті органнан ақпараттық хат ұсынады - 1 (бір) түпнұсқа немесе нотариалды куәландырылған көшірме; - жеткізілетін Тауардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын өзге де құжаттар; - егер Шарттың талаптары бойынша Өнім беруші Тауарға жергілікті камту үлесін камтамасыз етуге міндеттенсе, Өнім беруші Тапсырыс берушіге ішкі айналым үшін Тауардың Қазақстан Республикасының аумағында шығарылғанын растайтын оның шығарылуы туралы сертификатты ұсынуға міндетті. Бұл ретте, шығарылған тарабы Кеден одағының қатысушы-мемлекеті болып табылатын Тауарға қатысты Кеден одағының қатысушы-мемлекетінің резидент-өнім берушісі Тауардың шығарылған жері туралы сертификатты ұсынбайды. - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық рұқсат беру құжаттары, оның ішінде лицензиялар, жеткізілетін тауарларға сертификаттар, сондай-ақ қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, техникалық құрылғыларды, материалдарды (оның ішінде шетелдік) сынауға және қолдануға рұқсаттар. Уәкілетті органның жеткізілетін Тауарға берілген рұқсаты болған және оның ресми сайтында орналастырылған жағдайда, Өнім беруші Қазақстан Республикасының мемлекеттік (уәкілетті) органының ресми интернет көзіне (веб-сайтына) сілтемесі бар өтінішті ұсынады. - Техникалық ерекшелікте (№2 қосымша) Өнім беруші ұсынуы тиіс қосымша құжаттардың тізбесі көзделуі мүмкін. - Тауарға қатысты құжаттар қазақ және/немесе орыс тілдерінде ұсынылуы тиіс, ал егер олар шет тілінде ресімделсе, нотариалды





қуәландырған аудармасы болуы тиіс.

3.11. Шарттың № 1, 2 - қосымшаларында көрсетілген межелі жерде (өнім беруші өкілінің қатысуымен) Тараптар арасында қабылдау-тапсыру актісін жасау күні тауарды жеткізу күні болып саналады.

3.12. Осы Шарт бойынша жеткізілетін тауар жеткізуші тапсырған және Тапсырыс беруші қабылдаған болып саналады: • саны бойынша: Тауарды қабылдау-беру актісінде көрсетілген санына сәйкес; • сапасы бойынша: сәйкестік сертификатында, өндірушінің сапа сертификатында көрсетілген сапасына сәйкес.

3.13. Өнім беруші Тапсырыс берушінің келісімімен тауардың бүлінуі және/немесе ақаулары анықталған жағдайда, 30 күнтізбелік күнге дейінгі мерзімде аталған ауыстыру тауардың сапасы мен басқа да техникалық сипаттамаларының нашарлауына алып келмейтін және соңғы техникалық әзірлемелерге сәйкес келетін жағдайда зақымдалған және/немесе ақаулы тауарды тегін ауыстыруды жүргізуге міндетті.

3.14. Тапсырыс берушіде өнім берушіге сапасы және/немесе саны бойынша наразылықтар туындаған жағдайда, Тапсырыс беруші тауарды жеткізген сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде бұл туралы Өнім берушіні талдауға шақыра отырып хабардар етуге міндетті. Талаптардың мазмұны мен негіздемесі Тапсырыс беруші мамандарының тиісті біржақты актісімен расталуға тиіс.

3.15. Егер сатып алынатын тауарлар көлеміне қажеттіліктің азаюына байланысты шарт сомасын азайту қажеттілігі туындаған жағдайда, Тапсырыс берушінің шарт сомасын, тиісінше сатып алынатын тауарлар көлемін азайтуға құқығы бар.

4. Тараптардың құқықтары және міндеттері

4.1. Өнім беруші міндеттенеді:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес және өзі өндірген Тауарды жеткізуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге Шартта белгіленген мерзім ішінде және талаптар негізінде жеткізілетін Тауарға құжаттарды беруге міндеттенеді, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарттың аясында жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) электрондық құжат нысанында Шартта жергілікті қамту үлесінің есебі (Жүйеде беріледі). Соңғы Қабылдау-тапсыру актісімен бірге беріледі.

4.1.2.2. Шарттың аясында жеткізілген тауардың бүкіл көлеміне (санына) СТ-KZ нысанындағы сертификаттың (тардың) электрондық көшірмесін (лерін) (Жүйеде беріледі) беруге. Соңғы Қабылдау-тапсыру актісімен бірге беріледі. Ұзақ мерзімді шарт болған жағдайда СТ-KZ нысанындағы сертификаттың (сертификаттардың) электрондық көшірмесі (көшірмелері) Шарт қолданылатын тиісті жылы жеткізілген Тауар көлеміне (санына) беріледі.

4.1.2.3. Тапсырыс берушіге ай сайын әрбір жеткізілімнен кейін жергілікті қамту үлесін аралық есептеуді ұсыну (жүйеде ұсынылады).

4.1.3. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға міндеттенеді.

4.1.4. Тауарды жеткізу мерзімдері бұзылған және (немесе) Тауарды жеткізуден бас тартқан жағдайда, нақты шеккен шығыстарды ескере отырып, Тапсырыс беруші төлеген авансты (алдын ала төлемді) Тапсырыс берушіге қайтаруға.

4.1.5. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеткізілетін Тауарлардың техникалық регламенттерде, стандарттар ережелерінде немесе өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттарды Шартты орындау шенберінде ұсынуға міндеттенеді.

4.1.6. Тауарды қабылдау-беру процесінде тауардың сапасын, санын, сондай-ақ тауардың шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру, сондай-ақ әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде көзбен шолып қарау кезінде тауардың ерекшелігі бойынша Анықталмайтын ақауларды, кемшіліктер мен сапаларды анықтау үшін тауарды пайдалануға беру сәтінде қатысу;

4.1.7. Тауарды Шарттың мәні бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітілген нысан бойынша қабылдау-тапсыру актісі бойынша тапсыру. Қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылғаннан кейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес ресімделген шот-фактураны жазып беруге;

4.1.8. Шартқа № 1, 2 қосымшаларда көрсетілген жеткізу кестесіне сәйкес мерзімде тауарды жеткізу;

4.1.9. Жеткізуге қатысты және тауарды қабылдағанға дейін тауарды қабылдау үшін қажетті құжаттарды ұсыну;

4.1.10. Тауарларды (қорларды) беруге арналған жүкқұжаттар, тауар-көлік жүкқұжаты, шот-фактуралар тауар қабылданғаннан және Тараптар тауарды қабылдау-беру актісіне қол қойғаннан кейін берілсін.

4.1.11. Тапсырыс беруші анықтаған тауардың саны мен сапасы бойынша кемшіліктерді Шарт талаптарына сәйкес жоюға міндеттенеді.

Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Тауарлардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.

4.1.12. Өнім беруші осы Шартқа қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде және одан әрі ай сайынғы негізде Тапсырыс берушіге атауын, орналасқан жерін, бизнес-сәйкестендіру нөмірін (БСН) және олардың Орындаушымен/Мердігермен/Өнім берушімен үлестес болу белгілерінің бар-жоғын көрсетіп, Шартты орындауға тартылған барлық қосалқы мердігерлер бойынша ақпаратты ұсынуға міндеттенеді. Тапсырыс беруші соңғы бенефициарды оффшорлық аймақтарда тіркелуі тұрғысынан тексеру жүргізу құқығын өзіне қалдырады.





4.2. Тапсырыс берушінің сұрау салуы бойынша 5 (бес) жұмыс күн ішінде Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша жеткізілетін тауармен бірдей және (немесе) біртекті тауарларға Өнім беруші ұсынатын бағалар туралы ақпарат (оның ішінде белгілі бір күнге Өнім беруші қол қойған коммерциялық ұсыныстар) беру мүмкіндігін қарау.

4.3. Өнім беруші:

4.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (төлемдерді) талап етуге;

4.3.2. Тапсырыс берушіден Тауарды уақытылы қабылдауды және Қабылдау-беру актілеріне қол қоюды талап етуге.

4.3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздемелер бойынша Шартты бұзуға құқылы.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Шарттың талаптарына сәйкес жеткізілген Тауарды қабылдауға.

4.4.2. Өнім берушіден Тауарды қабылдау-беру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Шарт бойынша қажетті ақпаратты толтыруға және ескертулер болмаған жағдайда Тауарды қабылдау-беру актісіне қол қоюға немесе дәлелді негіздемелерді көрсете отырып, Өнім берушіге Тауарларды қабылдаудан бас тартуды жіберуге;

4.4.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (дерді) жасауға.

4.4.4. Өнім берушіден көрсетілген құжатты алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде өнім беруші берген тауарды қабылдау-беру актісі бойынша қабылдауға не көрсетілген мерзімде тауарларды қабылдаудан дәлелді бас тартуды жіберуге міндетті. Жеткізілген тауардың ақаулары болған кезде ақауларды жою мерзімін көрсете отырып, ақаулардың тізбесін Жеткізушіге жіберсін.

4.4.5. Жеткізушіден қабылдау-тапсыру актісін алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде наразылықтар болмаған жағдайда қабылдау-тапсыру актісіне қол қойылсын.

4.4.6. Жеткізушіден қойылған өсімақының, айыппұлдың және шығындардың сомасын төлеуді талап ету.

4.4.7. Тауардың/Шарттың сомасын тиісінше азайта отырып, шарт талаптарына сәйкес келмейтін тауардан не тауардың кез келген бөлігінен бас тарту немесе ақаулы ведомості бар жеткізушіге сапасыз/ақаулы тауарды қайтару.

4.4.8. Тауар қабылданғанға және тауарды қабылдап алу-беру актісіне қол қойылғанға дейін тауарларды (қорларды) беруге арналған жүкқұжаттарды, тауар-көлік жүкқұжатын, шот-фактураларды қабылдамауға.

4.5. Тапсырыс беруші:

4.5.1. Өнім берушіден Шартта көзделген сапаға және санға сәйкес Тауарды алуға;

4.5.2. Тауардың/Шарттың құнын сәйкесінше азайтумен Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Тауардың кез келген бөлігінен бас тартуға немесе ақаулы өнім тізімдемесіне сәйкес Өнім берушіге сапасыз Тауарды қайтаруға;

4.5.3. ҚР заңнамасында, Тәртіпте және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға және (немесе) Шарттан бас тартуға құқылы.

5. Тауарды тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Тапсырыс беруші жеткізілген Тауардың техникалық сипаттамаға және Шарттың талаптарына сәйкестігін тексеруге құқылы.

5.2. Жеткізілген Тауарды қабылдау Тапсырыс берушінің өкілімен Тауарды қарап тексеру арқылы және осы Шартта белгіленген құжаттардың негізінде жүзеге асырылады.

5.3. Жеткізілген Тауардың саны мен сапасы мәселелері, оның ішінде әдеттегі қабылдау тәсілі кезінде анықталуы мүмкін емес ақаулар (жасырын ақаулар) бойынша талапты Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды алған сәттен бастап 10(он) күні ішінде ұсынады.

Егер Өнім беруші 5(бес) жұмыс күні ішінде жауап бермесе, мұндай шағымды Өнім беруші таныды деп есептеледі және Өнім беруші өзінің тәуекелдері мен шығыстары есебінен 3(бес) хабарлама алған кезден бастап жұмыс күні ішінде Тауардың жеткізілмеген және/немесе сапасыз бөлігін ауыстыруға міндеттенеді.

5.4. Егер Тапсырыс беруші Тауарды алған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге Тауардың тиісті емес саны және/немесе сапасы туралы хабарлама жібермеген жағдайда, Тауарды Тапсырыс беруші қабылдады деп есептеледі және осы Шарттың талаптарына сәйкес төленуге жатады.

6. Кепілдік және Сапа

6.1. Өнім беруші жеткізілетін Тауарға қолданылатын, белгіленген талаптарға сәйкес келетін сапаға кепілдік береді. Өнім беруші осы Шарт бойынша жеткізілген Тауардың жеткізілген Тауарды қалыпты пайдалану кезінде конструкциясына, материалдарына немесе жұмысына байланысты ақаулары болмайтынына кепілдік береді.

6.2. Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған күннен бастап 12 ай белгіленген кепілдік мерзімі ішінде Тауардың сапасына кепілдік береді.

6.3. Егер кепілдік мерзімі ішінде Тауарда ақаулар немесе Шарттың талаптарына сәйкессіздігі анықталған болса, Өнім беруші Тапсырыс берушіден тиісті талаптарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс ішінде өз есебінен ақаулы Тауарды жаңа Тауарға ауыстыруға міндеттенеді. Ауыстырылған Тауар үшін кепілдік мерзімі жаңа Тауарға ауыстыру сәтінен бастап басталады. Тауарды ауыстыру бойынша





барлық шығындарды Өнім беруші төлейді.

6.4. Егер Тауарды ауыстыру Өнім берушінің кінәсі бойынша кешіктірілген болса, кепілдік мерзімі тиісті мерзімге ұзартылады.

6.5. Ақаулы/сапасыз тауардың орнына тауарды ауыстыру және жеткізу өнім берушінің есебінен жүзеге асырылады. Ауыстырылған тауар жеткізілімінің талаптары осы Шартта айтылған тауар жеткізілімінің талаптарына ұқсас. Жеткізушіде ақауы бар / сапасыз тауардың орнына жеткізуге жататын тауардың кездейсоқ жойылу қаупі бар.

6.6. Өнім беруші Тапсырыс берушіге өзі жеткізген тауардың бос екендігіне және өнеркәсіптік және/немесе басқа зияткерлік меншікке негізделген үшінші тұлғалардың кез келген құқықтары мен талаптарынан бос болатынына кепілдік береді.

6.7. Өнім беруші тауарды тасымалдау кезінде оны атмосфералық құбылыстардың әсерінен қорғауды қоса алғанда, сақтау үшін қабылданған стандарттарға сәйкес орауды қамтамасыз етеді.

6.8. Жеткізілетін тауардың сапасы MEMCT, OCTa немесе TY стандарттары мен талаптарына толық сәйкес келуі және белгіленген үлгідегі дайындаушы зауыттың сапа паспортымен расталуы тиіс.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Өнім берушінің жауапкершілігі:

7.2.1. Өнім беруші Шартта белгіленген Тауарды жеткізу мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге жеткізудің әр өткізіп алған күні үшін уақытында жеткізілмеген Тауар құнының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-ынан артық емес мөлшерде өсімпұл төлейді;

7.2.2. Өнім беруші Шарт талаптарына сәйкес СТ-KZ нысанындағы сертификатты ұсынбаған жағдайда, Өнім беруші жеткізілген Тауарды қабылдауды-беруді растайтын тиісті Қабылдау – беру актісіне Тараптар қол қойғанға дейін Өнім беруші төлеуге тиіс Шарттың жалпы құнының 10%-ы мөлшерінде айыппұл түрінде жауапты болады.

7.2.3. Өнім беруші Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.2.4. Тауарлардағы жергілікті қамту үлесінің нақты есебі ұсынылмаған жағдайда, Өнім беруші Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасынан 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Өнім берушінің өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын осы Шарт бойынша төленуге жататын сомалардан ұстап қалуына келіседі.

7.3.1. Кепілдік мерзімі ішінде ақаулы/ақаулы тауардың орнына тауардың ақауларын/ақаулықтарын уақтылы жоймағаны және/немесе тауардың бір бөлігін алмастырғаны үшін Өнім беруші Тапсырыс берушіге уақтылы жеткізілмеген/ауыстырылған тауар және/немесе тауардың бір бөлігі құнының 0.1% мөлшерінде, тауарды және/немесе тауардың бір бөлігін жеткізу/ауыстыру мерзімі өткен әрбір күн үшін, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті.

7.3.2. Тауарды немесе тауардың бір бөлігін беруден бас тартқан немесе жеткізу мүмкін болмаған жағдайда, өнім беруші сатып алушыға тиісті төлем талабын алған сәттен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде шарттың жалпы сомасының 10% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.3.3. Тауарды жеткізу мерзімін 30 (отыз) күнтізбелік күннен артық кешіктіргені үшін Өнім беруші Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10% - ы мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті. Төлем тиісті төлем талабын алған сәттен бастап 7 күнтізбелік күн ішінде жүргізіледі.

7.3.4. Өнім беруші Тапсырыс берушіге жеткізілетін тауарға кредит беруді қарапайым және уақтылы жүргізбегені үшін көлік органдары ұсынған айыппұлдар сомасының үш еселенген мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

7.3.5. Өнім беруші Тапсырыс берушінің өнім берушіге өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу үшін ұсынған төлем талабы жеткізілген тауар үшін ақы төлеу бойынша және өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу бойынша біртекті қарсы талаптарды есепке жатқызуды жүргізу мақсатында өзара есеп айырысуды салыстыру актісіне енгізілуі мүмкін екендігімен келіседі.

7.3.6. Шарттың 7.3.2 және/немесе 7.3.3-тармақтары күшіне енген кезде Шарттың 7.2.1 және 7.3.1-тармақтарына сәйкес есептелетін тұрақсыздық айыбы айыппұл санкцияларын есептеу кезінде ескерілмейді.

7.3.7. Өнім беруші осы Шарттың 5 бөліміне сәйкес анықталған кемшіліктерді уақтылы жою мерзімдерін бұзған жағдайда өнім беруші Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбы ретінде мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1% - ына барабар, бірақ шарттың жалпы сомасының 10% - ынан аспайтын соманы төлейді.

7.3.8. Өнім беруші Шарт талаптарының кез келген бұзылуына жол берген жағдайда, сондай-ақ төлемге және қабылдауға арналған





құжаттар топтамасын уақтылы ұсынбағаны үшін Өнім беруші Тапсырыс беруші жеткізілген тауар үшін уақтылы ақы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатылатынымен келіседі.

7.4. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.4.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін берешек сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлейді.

7.4.2. Тапсырыс беруші құжаттарды уақтылы ұсынбаған (Шарттың талаптары бойынша Тауар жеткізу үшін Тапсырыс берушінің Өнім берушіге құжаттарды ұсынуы талап етілген жағдайда), соның салдарынан Өнім беруші Шартта көзделген өз міндеттемелерін орындай алмаған жағдайда, Өнім берушінің Тапсырыс берушіден Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мерзімін өткізіп алу арқылы келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқығы бар.

7.4.3. Тапсырыс беруші Тауарды қабылдауды негізсіз кешіктірген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұлды төлейді;

7.4.4. Тапсырыс беруші қабылдау-тапсыру актісіне қол қоюды негізсіз кешіктірген жағдайда Тапсырыс беруші Өнім берушіге әр кешіктірілген күнтізбелік күн үшін кешіктіру сомасынан 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайтын мөлшерде өсімпұлды төлейді;

7.4.5. Тапсырыс беруші құжаттарды тапсыру мерзімін негізсіз өткізіп алған жағдайда (егер Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс беруші Өнім берушіге Тауарды жеткізу үшін құжаттарды тапсыруы қажет болса) Өнім беруші Тапсырыс берушіден мерзімді өткізіп алудың нәтижесінде орын алған шығынды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуді талап етуге құқылы.

7.4.6. Егер тауарды немесе тауардың бір бөлігін жеткізу/ауыстыру мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күннен асып кетсе, тапсырыс беруші Өнім берушіге бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы өнім берушіге қандай да бір төлемдерді (айыппұл санкцияларын) өтемей, Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

7.4.7. Тапсырыс беруші Өнім берушінің Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамауына байланысты негіздер бойынша Тапсырыс беруші мен өнім беруші арасында жасалған барлық шарттар бойынша өнім берушіге тиесілі төлемнен өсімпұл және/немесе айыппұл сомасын біржақты тәртіппен ұстап қалуға құқылы. Оның ішінде, өнім берушінің кінәсінен жеткізу мерзімдерінің (кестелерінің) және шарттық міндеттемелерді орындамаудың (тиісінше орындамаудың) өзге де тәуекелдерінің, сондай-ақ аванстар және (немесе) алдын ала ақы төлеу жүргізілген кез келген кепілдік берілген міндеттемелер бойынша бұзылудан туындаған

7.4.8. Өнім беруші осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін негізсіз бұзған жағдайда Тапсырыс беруші обелгіленген тәртіппен Холдингтің Сенімсіз Өнім берушілерінің тізіліміне Өнім беруші туралы мәліметтерді енгізу үшін Қордың Сатып алу жөніндегі Операторына ақпаратты жібереді.

7.4.9. Тапсырыс берушінің төленген алдын ала төлемінің сомасынан аз сомаға Тауарды нақты жеткізген кезде Шарттың қолданысын тоқтатқан жағдайда Тапсырыс беруші төленген авансты қайтаруды қамтамасыз етудің сомасынан тиісті айырманы ұстап қалуға құқылы.

7.5. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6. Тауарды уақтылы жеткізбегені не жеткізуден бас тартқаны үшін Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушіге есептелетін айыппұлдардың (өсімпұлдардың) жалпы мөлшері Шарт сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібіне сәйкес енгізіледі.

8.2. Жобаға немесе жасалған Сатып алу туралы шартқа Өнім берушіні таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тармақтарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға құқылы:

8.3.1. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағының негізінде;

8.3.2. Өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған жағдайда;

8.3.3. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты;

8.3.3.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

8.3.3.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда.





Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алудың негізделген орынсыздығына байланысты сатып алу туралы шартты орындаудан бас тартуға Тапсырыс беруші Өнім берушіге іс жүзінде шеккен шығыстарын төлеген жағдайда жол беріледі.

8.3.4. Сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттемелерді бұзған кезде;

8.4. Тапсырыс беруші біржақты тәртіппен Шартты орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуі тиіс.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Өнім беруші Шартты бұзған күндегі орындауға байланысты нақты шығындар үшін ғана төлемді талап етуге құқылы.

8.4.1. Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты кез келген уақытта біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Бұл жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады, бұл ретте өнім беруші шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

8.4.2. Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты одан әрі орындаудың орынсыздығына байланысты, сондай-ақ Шарттың кез келген талаптарын бұзғаны үшін кез келген уақытта біржақты тәртіппен бұзуға құқылы. Хабарламада Шартты бұзудың себебі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуге тиіс.

8.5. Сатып алуда Қордың құрылымдық бөлімшесі атынан сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді.

Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Өнім берушіге Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

8.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған келтірілген залалдар мен шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді Тапсырыс берушіден талап етуге құқылы.

8.7. Тапсырыс беруші Стандарттың көзделген жағдайда Өнім беруші негіздеген және Тапсырыс беруші растаған сомаға шарттың сомасын ұлғайтудан бас тартқан кезде Шарт Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

9. Хат-хабар

9.1. Егер Шарт талаптары бойынша қандай да бір хат алысуды жүргізу, хабарламалар, нұсқаулықтар, келісімдер, бекітулер, сертификаттар немесе қандай да бір шешімдер ұсыну немесе шығару қажет болса және өзге түрде келісілмесе, онда хат алысудың мұндай түрі негізсіз бас тартулар мен кідірістерсіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе байланысты хат алмасу бойынша барлық құжаттарда Шарт нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуға және қолма-қол немесе кейіннен факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде түпнұсқасын бере отырып, пошталық хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуға тиіс.

9.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырысты (авиа) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілген болып есептеледі.

9.6. Кез келген хат - хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар - электрондық байланыс түрлері бойынша берілетін, қолдан жазылған немесе басылған-талап етілген, рұқсат етілген немесе Тараптардың кез келгені екінші тарапқа берген хабарламалар, осы Шарттың талаптары бойынша алдын ала орындалуға және алғандығы туралы қолхатты алғаннан кейін, осындай тапсырысты хатты жіберу - танылған курьерлік қызметтің көмегімен немесе жолдау жолданған Тараптың дұрыс көрсетілген мекен-жайы бар факсимильді байланыс және/немесе телекс арқылы алу туралы түбіртеккі талап етумен. Мекен-жай келесідей рәсімделуі тиіс: Тапсырыс беруші - ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, 2 өндірістік аймақ, 46 б құрылыс, "ӨзенМұнайСервис" ЖШС, телефон/факс: 8 72934 93170.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шарт Тараптардың өкілетті тұлғалары қол қойған күннен бастап өз күшіне енеді және 31.12.2024 жылға дейін дейін жарамды, ал өзара есеп айырысу бөлігінде толық аяқталғанша жарамды болады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс мажор)

11.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол еңсерілмес күш (форс-мажор) мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады.





11.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары деп Тарап көздеуі мүмкін емес және оған тәуелді емес төтенше сипаттағы оқиғалар нәтижесінде шарт жасалғаннан кейін туындаған мән-жайлар түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына әскери іс-қимылдарға, дүлей зілзалаларға байланысты мән-жайлар, Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тыйым салатын және/немесе кедергі келтіретін мемлекеттік билік органдарының актілері жатады.

11.3. 11.1-тармаққа көрсетілген мән-жайлардың салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді орындай алмайтын Тарап. 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде осы мән-жайлардың туындағанын растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, осы мән-жайлардың басталғаны туралы екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлауға тиіс. Көрсетілген құжаттарды Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органы растауға және куәландыруға тиіс.

11.4. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайлары қолданылатын уақытқа кейінге шегеріледі.

11.5. Егер еңсерілмес күш мән-жайлары 2 (екі) айдан астам бойы әрекет етуді жалғастырса, Тараптардың әрқайсысы шартты одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, бұл жағдайда Тараптар

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешуді талап ете алады. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

12.3. Осы Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді ұсынбайды, төлемейді және төлеуге рұқсат бермейді.

13.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

13.3. Осы Шарт Тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың жұмыскерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және жұмыскерді белгілі бір тәуелділікке қоятын және осы жұмыскердің оны ынталандыратын Тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

13.4. Тарапта қандай да бір сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге міндеттенеді.

13.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның жұмыскерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамамен жіктелетін әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерін бұзғанын немесе бұзуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

13.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

13.7. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында комплаенс тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.8. Жазбаша хабарлама алған Тарап 10 күн мерзімде тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін екінші Тараптың атына беруге міндетті.

13.9. "ҚазМұнайГаз" ҰК " АҚ шарттың орындалу барысын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарына сәйкестігіне талдау жасау мақсатында оны орындау бойынша қажетті құжаттарды сұратуға құқылы.

13.10. Өнім беруші Өнім берушінің иелерін, директорларын, лауазымды тұлғаларын, қызметкерлері мен агенттерін шектеусіз қоса алғанда, осы Шарт бойынша әрекет ететін онымен аффилирленген барлық жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі олардың әрқайсысы "аффилирленген тұлға" деп аталады) осы ескертпенің кепілдіктерін сақтауын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

13.11. Тараптар және оның аффилирленген тұлғалары алаяқтық немесе сыбайлас жемқорлыққа байланысты қандай да бір заңға қайшы әрекеттер жасағаны үшін сотталмаған немесе кінәлі деп танылған. Егер Тараптар немесе оның қандай да бір аффилирленген тұлғалары





осындай құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасағаны үшін сотталса немесе кінәлі деп танылса, Тараптар ҚМГ-ға жазбаша нысанда дереу хабарлауға міндеттенеді.

13.12. Өнім беруші серіктестіктің ресми веб-сайтындағы серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатымен танысқанын растайды. Өнім беруші серіктестіктің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы саясатын толық түсінетіндігін куәландырады.

13.13. Тараптар серіктестіктің қызметіне байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпенің талаптарын бұзудың барлық жағдайлары туралы серіктестікке уақтылы хабарлауға міндеттенеді. Талаптарды бұзу жағдайлары туралы хабарлау үшін Тараптар ҚМГ-ның "жедел желісін" пайдалануға міндетті, ол туралы ақпарат ҚМГ-ның ресми веб-сайтында орналастырылған.

14. Құпиялылық

14.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы Шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтынына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының жүйесінде және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді болатынына өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртібіне көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың мәніне жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

14.2. Өнім беруші Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ға Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, төлем деректемелері мен бөлшектері туралы ақпаратты Тапсырыс беруші банк-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы ашуға құқылы екендігімен келіседі.

15. Басқа шарттар

15.1. Тараптар осы Шартты Орындаушының кепілдіктері негізінде және мұндайларға адал арқа сүйей отырып жасасады. Орындаушы мыналарға кепілдік береді:

Өнім беруші де, оның үлестес тұлғалары да, Өнім берушінің барлық акционерлері де Еуропалық Одақтың және (немесе) Ұлыбританияның санкциялық тізіміне және (немесе) SDN (Specially Designated Nationals and Blocked Persons List – арнайы бөлінген азаматтар мен бұғатталған тұлғалардың тізімі), CAPTA (List of Foreign Financial Institutions Subject to Correspondent Account or Payable-Through Account Sanctions – корреспонденттік шотты немесе толассыз төлеммен шот ашуға немесе жүргізуге тыйым салынған немесе бір немесе бірнеше қатаң шарттарға бағынатын шетелдік қаржы институттарының тізімі), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасымен (Office of Foreign Assets Control of U.S. Department of the Treasury) басқарылатын NS-MBS (Non-SDN Menu-Based Sanctions List – SDN-ге негізделмеген санкциялар тізімі), сондай-ақ экстерриториялық әрекеті бар кез келген басқа санкциялық тізімдерге енгізілмегеніне;

(а) Шарт жасасу және/немесе оны Өнім берушінің орындауы осы тармақтың (а) тармақшасында көрсетілген санкциялардың бұзылуына әкеп соқпайтынына;

